

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2026 жылғы 25 маусымдағы № 690 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қаржылық және шаруашылық қызметті ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 29 шілдедегі № 399 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15598 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде қаржылық және шаруашылық қызметті ұйымдастыру қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әскери басқару органы (бұдан әрі – ӘБО), ҚР ҚК республикалық мемлекеттік мекемелері (бұдан әрі – РММ) қаржылық және шаруашылық қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрықтарын, сондай-ақ өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Әскерді қаржылық қамтамасыз ету мынадай элементтерді қамтиды: бюджеттік жоспарлау және қаржыландыру, қаражатты орынды жұмсау, оны есепке алу, есептілік және пайдаланылуын тексеру.";

24-тармақтың 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) жолданымдарды қараудың немесе қолданыстағы заңнамаға қайшы келетін шешімдер шығарудың белгіленген мерзімін бұзған жағдайда гарнизонның әскери қызметшілеріне және олардың отбасы мүшелеріне, азаматтық персоналына, азаматтарға жеке мәселелері бойынша консультация беру және қабылдау жұмысын жүргізеді.";

48-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) ағымдағы жылғы 1 наурызға дейін ЖСД ӘБО-ның жиынтық бюджеттік сұранымы бюджет жөніндегі комиссия хаттамасының көшірмесімен бірге ЭҚД-ға жіберіледі.

ЖСД ЭБО-ның жиынтық бюджеттік сұранымы екі данада жасалады, оған ЖСД ЭБО қаржы бөлімшесінің бастығы, ЖСД ЭБО басшысы қолтаңба қояды, ЖСД ЭБО елтаңбалы мөрімен куәландырылады. Бір данасы ЭҚД-ға жіберіледі, ал екіншісі белгіленген тәртіппен ЖСД ЭБО іс жүргізуінде жеке іске тігіледі.

Бұл ретте ЭҚД-ға жіберілетін данада негіздейтін құжаттардың және (немесе) баға ұсыныстарының қосымша екі данасы болуға тиіс.";

54-тармақтың 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) ағымдағы жылғы 1 наурызға дейін ЭБО-ның жиынтық бюджеттік сұранымы бюджет жөніндегі комиссия хаттамасының көшірмесімен бірге ЭҚД-ға жіберіледі.

ЭБО-ның жиынтық бюджеттік сұранымы екі данада жасалады, оған ЭБО қаржы бөлімшесінің бастығы, ЭБО басшысы қолтаңба қояды, ЭБО-ның елтаңбалы мөрімен куәландырылады. Бір данасы ЭҚД-ға жіберіледі, ал екіншісі белгіленген тәртіппен Құжаттаманы басқару қағидалары 170-тармағының талаптарына сәйкес ЭБО іс жүргізуінде жеке іске тігіледі.

Бұл ретте ЭҚД-ға жіберілетін данада негіздейтін құжаттардың және (немесе) баға ұсыныстарының қосымша екі данасы болуға тиіс.";

113-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"113. Төленбейтін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттарды, медициналық бұйымды және арнайы емдік өнімді сатып алуға шығысты жоспарлауды медициналық бөлімше бастығы жүзеге асырады.

Медициналық бөлімше бастығы шығысты жоспарлау кезінде жоспарлы кезеңге төленбейтін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттардың, медициналық бұйымның және арнайы емдік өнімнің қажетті тізбесі мен санын айқындайды. Төленбейтін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде дәрілік заттардың, медициналық бұйымның және арнайы емдік өнім тізбесі айқындалғаннан кейін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарға, жұмыс пен көрсетілетін қызметке қажеттілік есебі (талдау) жүргізіледі.";

139-тармақтың 3) тармақшасы алып тасталсын;

185-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қол қоюға құқығы бар лауазымды адамдардың ЭЦҚ-сы үшінші тұлғаларға бермей, лауазымды адамдардың өзінде сақталады.";

190-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) жұмыскер РММ басшысына қызметтік іссапарға кетуге баянат береді, ол қызметтік іссапардың мақсатқа сәйкестігі тұрғысынан тікелей бастықпен келісіледі. Баянат Іссапар жоспарын жасауға және орындауға жауапты құрылымдық бөлімшенің бастығымен келісіледі. Ол "Іссапар жоспарының № __ тармағына сәйкес келеді" деген белгі қояды және күндер санын, іссапарға жіберілген жерді, төленбейтін тұрғын үймен

қамтамасыз етілу жағдайын көрсетеді. Кейін қаржы бөлімшесінің бастығы жоспарланған қаражатты көрсетіп, баянатты келіседі. Жұмыскерлер тобы қызметтік іссапарға кеткен жағдайда баянатты топ құрамын көрсетіп, тек топ басшысы жазады;"

196-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте жұмыскердің баянаты Іссапар жоспарын жасауды және орындауды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің бастығымен бірлесіп, Іссапар жоспарының іс-шараларын қайта бөлу, күн саны, іссапарға жіберу орны және төленбейтін тұрғын үймен қамтамасыз етілу, сондай-ақ қаржы бөлімшесінің бастығымен қаражаттың үнемделуі мәніне келісіледі.";

200-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) Қазақстан Республикасының шегінде өз мүлкін жеткізгені үшін мемлекет есебінен өтемақы;

3) келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге, қатардағы жауынгер және сержант құрамына Қазақстан Республикасының жоғары білім беру ұйымында бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша оқуға жұмсалған шығынды өтеу;"

203-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"203. Қолма-қол ақшамен есеп айырысуды жүзеге асыруға ЭҚД-мен келісу бойынша жол беріледі, ол үшін РММ-да касса жабдықталады.

Касса – бұл қолма-қол ақшаның сақталуын қамтамасыз ету үшін техникалық талаптарға сәйкес арнайы жабдықталған (өрт-күзет дабылдамасы, металл есіктер, терезе торлары) және қолма-қол ақшаны қабылдауға, беруге және уақытша сақтауға арналған оқшауланған үй-жай.

РММ басшысы қолма-қол ақшаны сақтау және жеткізу кезінде олардың сақталуын қамтамасыз ететін қажетті жағдайларды жасайды.

Оларды жеткізу кезінде ақша қаражатының сақталуы осы Қағидаларға 32-1-қосымшаға сәйкес ақшаны жеткізу кезінде кассирді (қаржы бөлімшесінің бастығын) күзету тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

Қолма-қол ақшаны жеткізу осы Қағидаларға 32-2-қосымшаға сәйкес қолма-қол ақшаны жеткізу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

Кассаның жұмысына қатысы жоқ адамдарға касса үй-жайына кіруге жол берілмейді .";

204-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"204. Қолма-қол ақшаны, чек кітапшаларын, қатаң есептілік бланкілерін есепке алу жөніндегі кіріс-шығыс кітаптары және касса кітабы мемлекеттік мекемеде сейфтерде немесе отқа жанбайтын металл шкафтарда сақталады, олар касса жұмысы аяқталғаннан кейін кілтпен жабылады және кассир сүргіш мөрмен мөрлейді.

Сейфтер мен металл шкафтардың кілттері, сондай-ақ мөрлер кассирде сақталады. Кассир оларды келісілген орындарда қалдырмайды, бөгде адамдарға бермейді, есепке алынбаған телнұсқаларын жасамайды.

Мөрленген пакеттердегі, қобдишалардағы және басқа да орамдардағы кілттердің есепке алынған телнұсқалары РММ басшысында сақталады, Токсанына бір реттен сирек емес оларды комиссиялық тексеру жүргізіледі. Кілттің жоғалғаны анықталған кезде РММ басшысы болған оқиға туралы ішкі істер органдарына хабарлайды және металл шкафтың құлпын дереу ауыстыруға шаралар қабылдайды.

Кассада осы мемлекеттік мекемеге тиесілі емес қолма-қол ақшаны және басқа да құндылықтарды сақтауға жол берілмейді.

Касса үй-жайы мен металл шкафтарды ашар алдында кассир құлыптардың, есіктердің, терезе торларының, есіктердегі мөрлердің сақталуын, күзет дабылдамасының ақаусыздығын тексереді.

Мөр бүлінген немесе алынған, құлыптар, есіктер мен торлар сынған жағдайда кассир бұл туралы дереу мемлекеттік мекеменің басшысына баяндайды, ол болған оқиға туралы ішкі істер органдарына хабарлайды және ішкі істер органдарының қызметкерлері келгенге дейін кассаны күзетуге шаралар қабылдайды.";

205-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"205. Кассир өзі қабылдаған барлық құндылықтың сақталуына толық материалдық жауапкершілікте болады.

Касса құжаттарына қол қою құқығы жүктелген лауазымды адамдар кассирдің міндеттерін атқаруға жіберілмейді.

Кассир болмаған кезеңде РММ басшысының жазбаша өкімі бойынша кассирдің міндеттерін толық материалдық жауапкершілік туралы онымен шарт жасаса отырып, РММ-ның басқа жұмыскерлері атқара алады.

Кассир кенеттен жұмыста болмай қалған жағдайда (сырқаттанып қалуы және басқа себептермен) оның есебіндегі қолма-қол ақшаны РММ басшысының бұйрығымен тағайындалған адам ЖТК-ның қатысуымен дереу қайта санайды. Құндылықтарды қайта санау және беру нәтижесі туралы ЖТК мүшелерінің қолтаңбасын қоюмен акт жасалады.";

206-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"206. Әрбір айдың соңғы жұмыс күні кассир бухгалтерлік құжаттама нысанына 73-қосымшаға сәйкес № 381 "Кассалық операция бойынша жинақтау ведомосы" нысаны бойынша 1-мемориалдық ордерін жасайды және тігеді және қаржы бөлімшесінің бастығына тексеруге ұсынады.

Қаржы бөлімшесінің бастығы 2 жұмыс күні ішінде қоса берілген құжатымен бірге ұсынылған ордерді Бухгалтерлік құжаттама нысанына 67-қосымшаға сәйкес № КО-1 нысаны бойынша кассалық кіріс ордерінің, Бухгалтерлік құжаттама нысанына 68-қосымшаға сәйкес № КО-2 нысаны бойынша кассалық шығыс ордерінің болуын және

толтырылу сапасын, сондай-ақ Бухгалтерлік құжаттама нысанына 69-қосымшаға сәйкес № КО-3а нысаны бойынша кіріс және шығыс кассалық құжатын тіркеу журналымен және Бухгалтерлік құжаттама нысанына 70-қосымшаға сәйкес № КО-4 нысаны бойынша кассалық кітаппен бірдей болуын тексереді.";

207-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"207. ЖТК кассада құндылықтардың жетіспеуін немесе артық шығуын анықтаған кезде актіде жетіспеушілік немесе артық шығу сомасы және олардың пайда болу жағдайлары көрсетіледі.

Касса тәртібін сақтауды РММ басшысы, қаржы бөлімшесінің бастығы және кассир жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 208-1-тармақпен толықтырылсын:

"208-1. Кассалық операцияларды есепке алу, қолма-қол ақшаны қабылдау және беру Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 208-2-тармақпен толықтырылсын:

"208-2. Бюджет қаражаты қолданыстағы заңдардың, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі бұйрықтарының талаптарына және бекітілген жоспарлау құжаттарына сәйкес тікелей мақсаты бойынша жұмсалуға тиіс.

Шығыс ақша құжаттарын ақша құжаттарын бекіту (қол қою) құқығы бар РММ-ның тиісті лауазымды адамдары бекітеді (қол қояды).

Ақтау құжаттарына қол қою кезінде мыналар тексеріледі:

1) жасалатын операцияның заңдылығы;

2) жасалатын операциялардың тиісті көздер есебінен ақшалай қаражатпен қамтамасыз етілуі;

3) құжаттың барлық деректерінің (деректемелерінің) дұрыс толтырылуы;

4) есеп айырысулар мен жиынтық сомалардың дұрыстығы;

5) құжаттарды ресімдеуге негіз болған құжатта заңды лауазымды адамдардың қолтаңбасының болуы.

Барлық ақша құжаты мұқият тексеріледі және содан кейін қаржы бөлімшесінің бастығы қол қояды.";

мынадай мазмұндағы 208-3-тармақпен толықтырылсын:

"208-3. РММ есеп айырысулары өз міндеттемелері бойынша қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүргізіледі.

Қолма-қол ақшаны пайдалана отырып, бір ай ішінде жиынтық мәнде 50 еселенген АЕК-тен аспайтын мөлшерде есеп айырысуды жүзеге асыруға жол беріледі.

Қолма-қол ақшаны алуға шектеу:

1) шетелдік іссапар шығыстарына;

2) өкілдік шығындарға;

3) барлау, қарсы барлау, жедел-ізвестіру қызметінің шығындарына қойылмайды.

РММ-ның лимитінен жоғары бюджеттік шоттардан қолма-қол ақшаны пайдалануға Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің экономика және қаржы жөніндегі орынбасарының жазбаша рұқсаты бойынша жол беріледі.";

мынадай мазмұндағы 208-4-тармақпен толықтырылсын:

"208-4. Қолма-қол ақшаны қабылдау және жұмсау жоспарланған іс-шаралар бойынша қатаң жүзеге асырылады.

Қолма-қол ақшаға қажеттілікті 50 еселенген АЕК-тен тыс айқындау үшін ай сайын 10-ы күніне дейін ЭҚД-мен және ҚР ҚМ мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен келісілген Қолма-қол ақшаны қабылдау және жұмсау жоспары бекітіледі.";

мынадай мазмұндағы 208-5-тармақпен толықтырылсын:

"208-5. РММ барлау, қарсы барлау, жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыруға көзделген қаражатты қоспағанда, чек бойынша да, сол сияқты банктің корпоративтік төлем карточкасын қолдану жолымен де алынған қолма-қол ақшаны қызмет көрсететін банктен ақша алған күнді қоспағанда, 3 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде кассада сақтайды.

Барлау, жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыруға көзделген қаражатты қоспағанда, кассаға қабылданған қолма-қол ақша оны қабылдаған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қолма-қол ақшаның тиісті бақылау шоттарына есепке алу үшін банкке тапсырылады.

Ақшаны қолма-қол ақшаның тиісті бақылау шоттарына алдын ала тапсырмай пайдалануға жол берілмейді.

Есепті жылдың 31 желтоқсанына мемлекеттік мекеменің кассасындағы қолма-қол ақшаның қалдығы банкке тапсырылады.";

261-тармақтың 7-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) төленбейтін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дербес сатып алуды қоса алғанда, алдыңғы қаржы жылында дәрілік заттар мен медициналық бұйымның әрбір атауы бойынша нақты тұтыну;";

285-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"285. Материалдық жауапты адам сенімхаттың пайдаланылғанын растайтын құжатты ұсынбағанда не пайдаланылмаған сенімхатты белгіленген мерзімде қайтармағанда қаржы бөлімшесінің бастығы бұл туралы қызметтік тергеп-тексеруді тағайындайтын РММ басшысына қағазда немесе электрондық құжат нысанында баяндайды.";

288-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте бір мезгілде тиісті бөлімшенің бастығы қағазда немесе электрондық құжат нысанында РММ басшысына келіп түскен мүлікті қабылдауды жүзеге асыру қажеттігі туралы баяндайды.";

316-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Негізгі құралдар мен материалдық емес активті комиссия арқылы беруді ұйымдастыру үшін тиісті бөлімше бастығы РММ басшысына комиссия арқылы беруді жүзеге асыру қажеттілігі туралы қағазда немесе электрондық құжат нысанында баяндайды.";

376-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Бұл ретте тиісті бөлімше бастығы бір мезгілде әскери мүлікті жөндеуге беруді ресімдеу қажеттілігі туралы РММ басшысына қағазда немесе электрондық құжат нысанында баяндайды.";

413-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"413. Әскери мүліктің бар-жоғы және қозғалысы туралы есеп беру нәтижесі бойынша қаржы бөлімшесінің бастығы РММ басшысына есепті кезеңнің жабылу нәтижесі туралы қағазда немесе электрондық құжат нысанында баяндайды.";

414-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"414. РММ басшысы қаржы бөлімшесі бастығының баянаты негізінде есепті айдан кейінгі әрбір айдың 25-і күніне дейін есепті кезеңнің жабылу нәтижесі туралы жоғарғы ӘБО-ға қағазда немесе электрондық құжат нысанында баяндайды.";

475-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"475. Түгендеу аяқталғаннан кейін РММ басшысы түгендеу нәтижесінің ведомосын қоса беріп, түгендеудің аяқталғаны туралы жоғарғы ӘБО-ға қағазда немесе электрондық құжат нысанында баяндайды.";

2-қосымшада:

реттік нөмірі 24-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

24	жоғарғы	медицина	Төленбейтін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесіне кірмеген азаматтық медициналық мекемедегі медициналық көрсетілетін қызмет
----	---------	----------	--

";

осы бұйрыққа 27 және 28-қосымшаларға сәйкес 32-1 және 32-2-қосымшалармен толықтырылсын;

2. "Өткізуден түскен ақша өз билігінде қалатын, кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген Қарулы Күштер мемлекеттік мекемелерінің тауарына (жұмысына, көрсетілетін қызметіне) тарифті (бағаны) бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2025 жылғы 11 маусымдағы № 683 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Өткізуден түскен ақша өз билігінде қалатын, кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген Қарулы Күштер мемлекеттік мекемелерінің тауарына (жұмысына, көрсетілетін қызметіне) тарифте (бағада):

1-қосымша осы бұйрыққа 29-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Экономика және қаржы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 472 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидалары 10-тармағының талаптарына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33059 болып тіркелген) қол қойылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі авиация генерал-лейтенанты

Д. Қосанов

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2026 жылғы 25 маусымдағы
№ 690 бұйрығына 27-қосымша
Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштерінде қаржы және
шаруашылық қызметті
ұйымдастыру қағидаларына
32-1-қосымша

Ақшаны жеткізу кезінде кассирді (қаржы бөлімшесінің бастығын) күзету тәртібі

Кассирмен (қаржы бөлімшесінің бастығымен) бірге жүру үшін қарулы күзет бөлінеді. РММ-да қарауыл болмаған жағдайда қарулы күзетті қаржы бөлімшесі бастығының өтінімі бойынша әскери полиция органы бөледі.

Қаржы бөлімшесі бастығының қатысуымен штаб бастығы қарулы күзетке нұсқау береді.

Қарулы күзет:

- 1) белгіленген уақытта қаржы бөлімшесі бастығының қарамағына келуге;
- 2) кассирмен (қаржы бөлімшесінің бастығымен) бірге жүруге, оның жанында тұруға ;
- 3) банк ғимаратынан ақшаны алып шыққан кезде және автомобильге қарай жүрген кезде тұрып ату үшін дайын қалыпта қарумен оның оң жағынан артта 2-3 қадам жерде қозғалуға;
- 4) кассирге (қаржы бөлімшесінің бастығына) күдікті адамдар жақындаған жағдайда оларды тоқтатуға;
- 5) қаруды кассирге (қаржы бөлімшесінің бастығына) немесе қарауылға анық шабуыл жасалған жағдайда ғана қолдануға;
- 6) автомобильге отырғызу кезінде кассир (қаржы бөлімшесінің бастығы) машинаға (кассир артқы орындыққа, қарулы күзет – жүргізушінің жанына) отырғанға дейін автомобильдің алдында 2-3 қадам жерде тұруға;
- 7) автомобильмен жүріп келе жатқан кезде қырағылықты әлсіретпеуге және шабуылға тойтарыс беруге дайын болуға;
- 8) бөлімге келгеннен кейін кассирмен (қаржы бөлімшесінің бастығымен) қаржы бөлімшесінің үй-жайына дейін бірге жүруге және онымен ақшаны сейфке салғанға дейін қалуға;
- 9) қаржы бөлімшесі бастығының рұқсатымен бөлімшеге кетуге;
- 10) бөлімшеге келгеннен кейін өзінің командиріне және штаб бастығына баяндауға міндетті.

Кассирмен (қаржы бөлімшесінің бастығымен) бірге жүру үшін бөлінетін қарулы күзетке орындалатын тапсырма және оны орындау тәртібі туралы мәліметтерді жария етуге тыйым салынады.

_____ **әскери бөлімі штабының бастығы (РММ бастығының орынбасары)** _____
_____ **(әскери атағы, қолы, тегі және инициалы)**

Тәртіппен таныстым (қарулы күзет)

(әскери атағы, қолы, тегі және инициалы)

Қолма-қол ақшаны жеткізу тәртібі

Ақшаны жеткізу үшін оның қарсаңында қаржы бөлімшесі бастығының автомобиль қызметі бастығына (орталықтандырылған бухгалтерия үшін автомобиль техникасымен қамтамасыз ететін РММ автомобиль қызметінің бастығына) берген өтінімі бойынша автомобиль бөлінеді.

Жүргізуші:

- 1) әскери бөлім кассирінің (қаржы қызметінің бастығының) жеке басын білуге;
- 2) өтінімде көрсетілген уақытта оған келуге;
- 3) бағыт бойынша банкке (банктен) жол жүруге:

(бару мен қайтудың нақты бағытын көрсету)

4) кассирді (қаржы қызметінің бастығын) автомобильде, ғимараттың банк кіреберісінде күтуге. Ешкіммен сөйлеспеуге және автомашина жанына бөгде адамдардың жиналуына жол бермеуге;

5) жолда жүру кезінде белгілі бір бағыттан ауытқымауға, аялдамауға, бөгде жолаушыларды алмауға;

6) бөлімге келгеннен кейін парк бойынша кезекшіге баяндауға міндетті.

_____ әскери бөлімі штабының бастығы (РММ бастығының орынбасары) _____
_____ (әскери атағы, қолы, тегі және инициалы)

Тәртіппен таныстым, жүргізуші

(әскери атағы, қолы, тегі және инициалы)

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2026 жылғы 25 маусымдағы
№ 690 бұйрығына 29-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2025 жылғы "11" маусымдағы
№ 683 бұйрығына
1-қосымша

Мәдениет саласындағы тауарға (жұмысқа, көрсетілетін қызметке) тариф (баға)

--	--	--	--	--

Р/с №	Мекеме (филиал) атауы	Көрсетілетін қызмет атауы	Өлшем бірлігі	Құны (теңге)
Бейнетүсірілімді жүргізу				
1.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы және оның филиалы	ғылыми-танымдық	академиялық сағат	20 000
		деректі фильм		30 000
		көркем фильм		150 000
		клип		70 000
		бейнеролик		20 000
		Жеке құрамды, техниканы және қару-жарақты тартып, кино түсіру процесін ұйымдастыру	1 сағат	500 000
			1 түсірілім күні	5 000 000
2.	Алматы қаласының әскери мұражайы және "Жауынгерлік даңқ" мұражайы	Алматы қаласының әскери мұражайы және "Жауынгерлік даңқ" мұражайы залында және ашық алаңдағы әскери техника павильоны аумағында түсірілім түріне байланысты кәсіби бейне, теле, кинотүсірілім		
		бағдарламалық, акпараттық (1 сағат)	17 750	23 750
		деректі фильм (1 сағат)	35 500	47 000
		көркем фильм (1 сағат)	62 500	100 000
Іс-шаралар өткізу үшін залды, жабдықты беру				
3.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы	Іс-шара өткізу үшін "Атриум" залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	50 000
			1 іс-шара (5 сағаттан аспайды)	150 000
		Іс-шара өткізу үшін "Салтанат залын" беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	50 000
			1 іс-шара (5 сағаттан аспайды)	200 000
		Іс-шара өткізу үшін "Конференц залын" және баспасөз орнын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	50 000
			1 іс-шара (3 сағаттан аспайды)	100 000
		Іс-шара өткізу үшін кинозалды беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	20 000
			1 ауысым	100 000
		Іс-шара өткізу үшін концерт залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	100 000
			1 іс-шара (4 сағаттан аспайды)	350 000

4.		Жарық жабдығын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды)	100 000
		LED-экранды беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды)	250 000
		Қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру және іс-шараларды өткізу үшін түскі ас залын беру қызметі	1 іс-шара (3 сағаттан аспайды)	100 000
			1 ай	200 650
	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Алматы қаласындағы филиалы	Іс-шара өткізу үшін концерт залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 сағат	100 000
			1 іс-шара (4 сағаттан аспайды)	200 000
		LED-экранды беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан артық емес)	100 000
		Хореография залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (3 сағаттан аспайды)	30 000
		Бұқаралық іс-шара үшін залды беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды)	200 000
			1 ай	2 500 000
		Кинопавильон беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды)	100 000
			1 ай	600 000
		Би залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды)	100 000
			1 ай	500 000
		Музыкалық студияны беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 ай	100 000
		Төменгі қабаттағы үй-жайды беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 ай	300 000
		Дәрісхана беру бойынша көрсетілетін қызмет (үйірме және өзге де іс-шара үшін)	1 ай	100 000
		Сыныпты беру бойынша көрсетілетін қызмет (үйірме және өзге де іс-шара үшін)	1 ай	60 000

5.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Семей қаласындағы, Сарыөзек күк, Гвардейск күк филиалдары	Театр алаңын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды) 1 ай	100 000 300 000
		№ 1 клуб залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды) 1 ай	200 000 1 500 000
		№ 2 клуб залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды) 1 ай	100 000 300 000
		№ 3 клуб залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды) 1 ай	120 000 300 000
		№ 4 клуб залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды) 1 ай	150 000 700 000
		Салтанатты залды (Мәрмәр залын) беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (3 сағаттан аспайды) 1 ай	100 000 800 000
		Концерт залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды)	100 000
		LED-экранды беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды)	30 000
		Би залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды) 1 ай	20 000 200 000
		Сыныпты беру бойынша көрсетілетін қызмет (үйірме және өзге де іс-шара үшін)	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды) 1 ай	10 000 60 000
		Банкет залын беру бойынша көрсетілетін қызмет	1 іс-шара (4 сағаттан аспайды) 1 ай	50 000 200 000
6.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Қонаев қаласындағы филиалы	"Алтын Емел" мүліктік кешенін ұсыну бойынша көрсетілетін қызмет	1 ай	4 268 000

7.	Алматы қаласының әскери мұражайы және "Жауынгерлік даңқ" мұражайы	Музей экспозициясын жасау бойынша көрсетілетін қызмет	1 экспозиция (24 сағат)	195 000
Іс-шара өткізу үшін шығармашылық ұжым, әртістер беру				
8.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы	Бишілер тобы (толық құрам – 16 қатысушы)	1 концерттік нөмір	100 000
			1 концерттік іс-шара	500 000
		Бишілер тобы (орташа құрам – 10 қатысушы)	1 концерттік нөмір	60 000
			1 концерттік іс-шара	300 000
		Бишілер тобы (шағын құрам – 6 қатысушы)	1 концерттік нөмір	50 000
			1 концерттік іс-шара	200 000
		Эстрадалық-симфониялық оркестр (35 қатысушы)	1 концерттік нөмір	150 000
			1 концерттік іс-шара	700 000
		Ішекті аспап квартеті (4 қатысушы)	1 концерттік нөмір	50 000
			1 концерттік іс-шара	100 000
		Фольклорлық-этнографиялық топ (12 қатысушы)	1 концерттік нөмір	100 000
			1 концерттік іс-шара	300 000
		Жеке орындаушы (аспапшы, вокалист – 1 қатысушы)	1 концерттік нөмір	30 000
			1 концерттік іс-шара	150 000
		Хор (20 қатысушы)	1 концерттік нөмір	100 000
			1 концерттік іс-шара	300 000
		Орталық ансамбльдің толық құрамда өнер көрсетуі (эстрадалық-симфониялық ұжым, фольклорлық-этнографиялық топ, бишілер тобы, ішекті аспап квартеті, жеке орындаушы – вокалист, аспапшы, хор – 70 қатысушы)	1 концерттік нөмір	700 000
			1 концерттік іс-шара	1 500 000
		Бишілер тобы (толық құрам – 6 қатысушы)	1 концерттік нөмір	50 000
			1 концерттік іс-шара	150 000
		Эстрадалық-бишілер тобының өнер	1 концерттік нөмір	100 000

		көрсетуі (толық құрамда – 24 қатысушы)	1 концерттік іс-шара	250 000
		Орталық әскери оркестрдің өнер көрсетуі	1 концерттік нөмір	100 000
			1 концерттік іс-шара	400 000
9.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Алматы қаласындағы филиалы	Әскери оркестрдің өнер көрсетуі	1 концерттік нөмір	100 000
			1 концерттік іс-шара	250 000
10.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Семей қаласындағы, Сарыөзек күк, Гвардейск күк филиалдары	Әскери оркестрдің өнер көрсетуі	1 концерттік нөмір	50 000
			1 концерттік іс-шара	150 000
		Эстрадалық-бишілер тобының өнер көрсетуі	1 концерттік нөмір	40 000
			1 концерттік іс-шара	100 000
		Жеке орындаушының (аспапшы, вокалист – 1 қатысушы) өнер көрсетуі	1 концерттік нөмір	30 000
			1 концерттік іс-шара	80 000
Репетиторлық көрсетілетін қызмет – вокалға, хореографияға, музыкалық аспапта ойнауға үйрету және шығармашылық үйірме				
11.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы және оның филиалдары	Вокалдық өнерге, музыкалық аспапта ойнауға, шешендік өнерге, актерлік шеберлікке және хореографияға үйрету	бір оқып-үйренушіге 1 ай үшін (аптасына 2 сабақ)	18 000
Қарулы Күштерге ведомстволық тиесілі емес жеке және заңды тұлғалармен іс-шара ұйымдастыру және өткізу (концерт, салтанатты іс-шара мен қабылдау, форум, конференция мен кинотүсірілім ұйымдастыру және өткізу)				
12.	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Қонаев қаласындағы филиалы	Өткізілетін мәдени-демалыс іс-шарасы шеңберінде қонақүй бойынша көрсетілетін қызметті ұйымдастыру	Люкс нөмірі, 1 тәулікке	10 000
			Жартылай люкс нөмірі, 1 тәулікке	7 000
			Стандартты нөмір, 1 тәулікке	5 000
	Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері	"Армия үйі" аумағында кино түсіруді		300 000

13.	Ұлттық әскери-патриоттық орталығының Алматы қаласындағы филиалы	ұйымдастыру және өткізу	1 ауысым (12 сағаттан аспайды)	
		Квест іс-шарасын ұйымдастыру және өткізу	1 ауысым (12 сағаттан аспайды)	300 000
Алматы қаласының әскери мұражайы және "Жауынгерлік даңқ" мұражайы				
Р/с №	Көрсетілетін қызмет атауы		Өлшем бірлігі	Өлшем бірлігінің құны, теңге
Мұражайға экскурсиямен және онсыз баруды, көшпелі көрме өткізуді ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызмет				
14.	Кіру билеті: Ересек адамға; Студентке (растайтын құжатты көрсеткенде); Мектеп жасындағы балаға және зейнеткерге (растайтын құжатты көрсеткенде)		1 билет	500
				300
				200
15.	Ұжыммен бару үшін экскурсия (топта 5-тен 20 адамға дейін): Ересек адамға; Студентке (растайтын құжатты көрсеткенде); Мектеп жасындағы балаға және зейнеткерге (растайтын құжатты көрсеткенде)		1 билет	600
				400
				250
16.	Кіру билеті (растайтын құжатты көрсеткенде) ҰОС, Ауған соғысының ардагері және оған теңестірілген адам; Денсаулыққа байланысты мүмкіндігі шектеулі адам; 7 жасқа дейінгі бала; Әскери қызметші; Көпбалалы отбасы		1 билет	тегін
Құқық иесінің рұқсатымен реконструкция, макет, экспонаттың, қарудың және мұрағаттық құжаттың көшірмесін жасау бойынша көрсетілетін қызмет				
17.	Басқа мұражай қорынан бұйым мен экспонатты, жеке коллекциядағы көркемөнер бұйымын және пайдаланылмайтын әскери мүлікті реставрациялау:			
	матадан жасалған бұйым, кілем-киіз бұйымы, былғары, станокты кескіндеме, қағаз негіздегі жұмыс:			
	күрделі емес реставрациялау (ашылған жерді желімдеу, тесілген жерді жамау, майысқан жерді түзету)	1см2		2 000
	орташа күрделі реставрациялау (ашылған жерді желімдеу, тесілген жерді жамау, майысқан жерді түзету, дақты кетіру, химиялық өңдеу)			5 000
	күрделі реставрациялау (негізді нығайту, жаңа негізге қайталау, негіз бен суреттің жоғалған фрагментін жасау)			10 000

	металдан, ағаштан, керамикадан, фарфордан және басқа да материалдан жасалған бұйым:		
	күрделі емес реставрациялау	1 см2	15 000
	орташа күрделі реставрациялау		25 000
	күрделі реставрациялау		40 000
Кәдесый және полиграфиялық өнім жасау және өткізу бойынша көрсетілетін қызмет			
18.	Кәдесый және полиграфиялық өнімді жасау және өткізу:		
	көлемі 3,5см x 3,5см баспасөз белгісі	1 дана	500
	қабырғаға ілінетін күнтізбе	1 дана	1 000
	экспонат, тарихи және мәдени мұра объектісі, Қазақстан қалаларының көрікті жері бейнеленген магнит	1 дана	1 500